КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 1 сәуір №4712-25-00-2/525іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы А.Ж.Болекбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«LIM» ЖК ретінде әрекет етуші Шакиров Ильяс Айратович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

прокурор А.Дюсенова
талап қоюшы өкілі Г.Максетова
жауапкер өкілі А.Аманжолова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 6 қараша тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №240390/00 шарты (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер Шарттың күшіне енген күннен кейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде 20 дана «портативті ультракүлгін приборы» (әрі қарай -тауар) жеткізуі тиіс.

Шарттың жалпы сомасы 338 000 теңге.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, яғни тауар жеткізілмегенін көрсетіп, оны

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 10 140 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюды мойындамай, 2024 жылы 16 желтоқсанда Шартқа сәйкес тауарды жеткізген, алайда талап қоюшы ақаулы актісін жасамай, тауарды тексермей, көзбен бағалап, тауарды қабылдаудан бас тартқан. 17 желтоқсанда талап қоюшының талабы бойынша Қытайлық емес Ресейдің өнімін жеткізуге келісіп, 31 желтоқсанда Air Astana әуе-экспресс поштасы арқылы тауарды жолдаған. Алайда, талап қоюшы тауарды алмай, қабылдаудан бас тартқанын, сонымен қатар, талап қоюшы өкілдері Бағдәулет және Ақбергенмен тауарды жеткізу, алып кету мәлелері бойынша «WhatsApp» арқылы талқылау, келіссөздер жүргізгенін, сонымен қатар 11 154 теңге тауарды кешіктірген үшін тұрақсыздық айыбын төлегенін көрсетті.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қорытындысын берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағы бойынша шарт күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасының талаптарына сәйкес жауапкер шарт күшінен енген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылдың 28 қарашасына дейін тауарды жеткізуге міндеттенген.

Алайда, жауапкермен міндеттемелер орындалмаған. Бұл мән-жай тауарды алу-беру актісінің жоқтығымен дәлелденеді.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Аташева А. О., 15.05.2025
4712-25-3-6/48

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сонымен қатар, жауапкердің өкілі сот отырысында осы мән-жайды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

Жауапкердің талап қоюшы Қытайлық емес Ресейдің өнімін жеткізуді талап еткен туралы уәждері негізсіз, өйткені техникалық ерекшеліктерде тауардың өндіруші елі қарастырылмаған.

АПК-нің 72 және 73-баптарына сәйкес әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкердің талап қоюшы ақаулы актісін жасамай, тауарды тексермей, көзбен бағалап, тауарды қабылдаудан бас тартқанын дәлеледейтін дәлелдемелер сотқа келтірген жоқ.

АПК-нің 65-бабына сәйкес егер дәлелдеме осы Кодексте көзделген тәртіппен алынса, сот оны жарамды деп таниды.

Сондықтан, сот, жауапкердің талап қоюшы өкілдері Бағдәулет және Ақбергенмен тауарды жеткізу, алып кету мәлелері бойынша «WhatsApp» арқылы талқылау, келіссөздер жүргізген туралы дәлелдемелерін жарамды деп тани алмайды, өйткені бұл дәлеледемелер нотариуспен қатамасыз етілмеген.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюмен сотқа жүгінген.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап қою бойынша

Азаматтық кодексінің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Аташева А. О., 15.05.2025
4712-25-3-6/48

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Сонымен қатар, тараптар арасында жасақталған шарттың 7.3. тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден олміндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшымен тұрақсыздық айыппұл 10 140 теңге есептелген.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер 29 қаңтар 2025 жылғы № 8 төлем тапсырмасына сәйкес мемлекет пайдасына 11 154 теңге тұрақсыздық айыбын төлеген.

Бұл мән-жайды талап қоюшы өкілі жоққа шығарған жоқ.

Істің мұндай тұрғысында, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – ішінара қанағаттандырылсын.

«LIM» ЖК ретінде әрекет етуші Шакиров Ильяс Айратович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«LIM» ЖК ретінде әрекет етуші Шакиров Ильяс Айратовичтен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, судья Аташева А. О., 15.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 13.05.2025, Судья Аташева А. О., 15.05.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -